

2004 жылға арналған республикалық бюджетте 012 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингін кредиттеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген кредиттерді алуға қарыз алушы банктерді анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 978 Қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 236 қаулысына сәйкес бөлінетін, 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 012 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингін кредиттеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен кредиттер алуға қарыз алушы банктер болып мынадай ұйымдар белгіленсін:

1) "Сүтті қайта өңдеу" ішкі саласы (лот) бойынша - "Ақ Бұлақ" кредиттік серіктестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

кредит сомасы - 135000000 (бір жүз отыз бес миллион) теңге;

кредит мерзімі - 7 жыл;

сыйақы ставкасы - жылдық 0,5%.

2) "Етті қайта өңдеу" ішкі саласы (лот) бойынша - "Валют-Транзит Банк" акционерлік қоғамы:

кредит сомасы - 20980000 (жиырма миллион тоғыз жүз сексен мың) теңге;

кредит мерзімі - 7 жыл;

сыйақы ставкасы - жылдық 0,5%.

3) "Көкөніс, жеміс және жүзімді қайта өңдеу" ішкі саласы (лот) бойынша - "Валют-Транзит Банк" акционерлік қоғамы:

кредит сомасы - 135000000 (бір жүз отыз бес миллион) теңге;

кредит мерзімі - 7 жыл;

сыйақы ставкасы - жылдық 0,5%.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Ақ Бұлақ" кредиттік серіктестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша), "Валют-Транзит Банк"

акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ